

**«Первомайка ауылының ЖОББМ» КММ педагог-психологы
Поликовская Н.Э. 2025-2026 оқу жылы бойынша жұмысына талдау**

Мақсаты:

Білім беру процесіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету, қолайлы әлеуметтік-психологиялық орта құру және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз ету.

Міндеттері:

1. Оқушылардың тұлғалық және интеллектуалдық дамуына, табысты әлеуметтенуіне ықпал ету.
2. Оқушылармен психодиагностикалық, кеңес беру, ағартушылық-профилактикалық, түзету-дамыту және сараптамалық-әдістемелік бағыттар бойынша жұмыс жүргізу.
3. Оқушыларға, педагогтерге және ата-аналарға оқу, әлеуметтік және эмоционалдық салалардағы мәселелер бойынша ақпараттық қолдау көрсету.

Психологиялық-педагогикалық қызметтің негізгі бағыттары:

1. Психодиагностикалық қызмет.
2. Түзету-дамыту жұмысы.
3. Профилактикалық және ағартушылық жұмыс.
4. Кеңес беру.
5. Ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыс.
6. Ата-аналармен жұмыс.
7. Педагогтермен жұмыс.

1. Психодиагностикалық қызмет

Психологиялық-педагогикалық жұмыс жоспар бойынша, сондай-ақ педагогтар мен оқушылардың сұраныстарына сәйкес жүргізіледі. Оқушыларды оқу үдерісінде психологиялық-педагогикалық қолдау аясында диагностикалық зерттеулер жүргіземін. Оқу жылы ішінде 75 (топтық және жеке) диагностикалық әдістемелер өткізілді.

Бірінші сынып оқушыларының бастауыш мектеп жағдайына бейімделу кезеңінде оқушыларға бақылау жүргізіліп, олардың бейімделу деңгейін анықтауға бағытталған психологиялық тесттер өткізілді. Оқу жылы барысында танымдық процестер мен эмоционалдық көңіл-күй деңгейін анықтауға арналған тестілеулер жүргізілді. «Менің балам – бірінші сынып оқушысы» бағдарламасы бойынша бірінші сынып оқушыларымен топтық бейімдеу жұмыстары өткізілді.

Барлық сыныптарда ата-аналармен достық қарым-қатынас қалыптасқан, қорқыныш пен мазасыздық байқалмайды. Оқушыларда қиялдың келесі түрлері басым: шығармашылық, көркем-эмоционалдық. Оқу жылы бойы оқушылардың танымдық процестері мен эмоционалдық фонын зерттеу мақсатында психологиялық тестілеулер өткізілді. Танымдық саланың дамуын анықтау үшін Керн-Йерасек тесті әдістемесі жүргізілді. Эмоционалдық-ерік саласын зерттеу үшін «Менің отбасым», «Күн, бұлт, жаңбыр», Т.А. Пежнованың «Мектеп туралы әңгіме» проективті әдістемелері қолданылды.

Әр сыныпта танымдық процестердің жоғары және орта деңгейі басым. Эмоционалдық фон жағымды. Оқушыларда қуаныш, бақыт, таңдану, қызынушылық, қанағаттану сияқты жағымды эмоциялар басым.

Бесінші сынып оқушыларының орта буынға бейімделу кезеңінде балаларға сабақта, сабақтан тыс уақытта, сыныптан тыс іс-шараларда бақылау жүргізіліп, балалармен және ата-аналармен жеке әңгімелер өткізілді. Ұжымды біріктіру мақсатында «Досына сыйлық» психологиялық тапсырмасы және «Достық» ойын тренингі ұйымдастырылды.

Оқу жылы барысында 5–11 сыныптар арасында ұжымды біріктіру, өзін-өзі бағалау деңгейін, коммуникативтік қабілеттерін анықтау, жанжалдың алдын алу, тиімді әрі жанжалсыз қарым-қатынас жасау, өзін-өзі анықтау және позитивті ойлау дағдыларын дамыту мақсатында психологиялық тренингтер өткізілді.

Қорытынды:

Жүргізілген диагностикалық жұмыстарды бағалай отырып, қолданылған әдістемелер оқушыларда кездесетін түрлі мәселелерді жеткілікті түрде нақты әрі толық анықтауға мүмкіндік береді деген қорытынды жасауға болады.

К. Риффтің «Жасөспірімдердің әл-ауқат шкаласы» диагностикалық әдістемесі

11 «А» және 11 «Б» сынып оқушылары.

Мақсаты: оқушылардың тұлғалық мазасыздық деңгейін анықтау.

Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төмен деңгей
100 % (9 оқушы)	0	0

Қорытынды: нәтижелер 11-сынып оқушыларында әл-ауқат деңгейінің жоғары екенін көрсетті.

Ұсыныстар:

1. Оқушыларды жобалық жұмыстарға, кіші сынып оқушыларына тәлімгерлік жасауға тарту.

Мюнстербергтің «Зейіннің таңдамалылығы» тестінің диагностикалық талдауы

9 «Б» сынып оқушылары.

Мақсаты: саналы мақсат қою кезінде зейіннің шоғырлануын және ақпаратты қабылдау деңгейін анықтау.

Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төмен деңгей
37 % (3 оқушы)	50 % (4 оқушы)	13 % (1 оқушы)

Қорытынды: диагностика нәтижелері бойынша:

- 37 % (3 оқушы) – зейін деңгейі жоғары;
- 50 % (4 оқушы) – орташа деңгей;
- 13 % (1 оқушы) – зейін деңгейі төмен, оқу барысында қиындықтар байқалады.

Ұсыныстар:

Зейінді, есте сақтауды және ойлауды дамытуға арналған логикалық тапсырмаларды қолдану.

«Ойлау жылдамдығын зерттеу» әдістемесінің нәтижесі

4 «Б» сынып оқушылары.

Ойлау деңгейі жоғары	Ойлау деңгейі орташа	Ойлау деңгейі төмен
27 % (4 оқушы)	40 % (6 оқушы)	33 % (5 оқушы)

Қорытынды: әдістеме нәтижесі бойынша 4-сыныпта ойлаудың орташа деңгейі басым екені анықталды.

Ұсыныстар:

1. Ойлауды дамытуға арналған логикалық тапсырмаларды қолдану;
2. Көрнекілік пен практикалық тапсырмалар арқылы оқу материалына қызығушылықты арттыру.

«Өзін-өзі бағалауды анықтау» диагностикалық әдістемесі (Т.Д. Марцинковская)

Мақсаты: оқушылардың өзі туралы түсінігін қалыптастыру, өзін-өзі бағалауын түзетуге көмектесу.

5 «Б» сынып оқушылары.

Өзін-өзі бағалауы
жоғары – 58 % (7
оқушы).

Өзін-өзі бағалауы
адекватты – 42 %
(5 оқушы).

Өзін-өзі бағалауы
төмен – 0 %.

5 «А» сынып оқушылары.

Өзін-өзі бағалауы
жоғары -100 % (4
уч)

Өзін-өзі бағалауы
адекватты – 0 %

Өзін-өзі
бағалауы
төмен – 0 %.

Ұсыныстар:

1. Сыныпта, іс-шаралар барысында өзін-өзі бағалауы жоғары оқушыларды ерекше бөліп көрсетпеу, барлық оқушыларға тең дәрежеде көңіл бөлу.
2. Өзін-өзі бағалауы жоғары деңгейдің жағдайды объективті қабылдауға кері әсер ететіні туралы түсіндіру мақсатында әңгіме өткізу.

1. Ұйымдастыру-әдістемелік және сараптамалық жұмыс

Бұл бағыт келесі жұмыстарды қамтиды: құжаттаманы рәсімдеу, түзету-дамыту және ағартушылық бағдарламаларды әзірлеу, диагностикалық нәтижелерді өңдеу және талдау, оқушылар мен ата-аналарға арналған ұсыныстар, жадынамалар мен буклеттер дайындау, ағартушылық шағын дәрістерді толықтыру, сабақтарға қатысу.

Оқушылардың сыныптағы психологиялық ахуалын, мұғалімді қабылдауын және сабақ кезіндегі мінез-құлқын бақылау мақсатында 42 сабаққа қатыстым.

Сабақтарды бақылау нәтижесінде сыныптағы психологиялық ахуал негізінен жақсы екені анықталды. Оқушылардың басым бөлігі оқу процесін қазыпты қабылдап, сабаққа жауапкершілікпен дайындалады. Дегенмен, кейбір оқушылардың енжарлық танытып, сабақ барысында назарларының жиі бөлінетіні байқалды.

Осыған байланысты оқушылармен жөге және топтық әңгімелер, түзету, профилактикалық және ағартушылық жұмыстар жүргізу қажет.

3. Түзету-дамыту жұмысы

Менің қызметімдегі негізгі бағыттардың бірі – түзету-дамыту жұмысы. Бейімделу қиындықтары бар оқушылар ерекше назарды қажет етеді.

Түзету бағдарламасының басты мақсаты – оқушыларға саналы түрде «нағыз оқушы» бейнесін қалыптастыруға көмектесу және мектеп жағдайына бейімделуін жеңілдету.

Бейімделу сабақтары тек психолог тарапынан ғана емес, сонымен қатар сынып жетекшісімен бірлесіп жүргізіледі.

Сабақтардың мазмұны дамытушылық сипатта болып, балалардың мектеп туралы түсінігін кеңейтуге және оқушы рөлін дұрыс қалыптастыруға бағытталған.

Түзету-дамыту жұмыстары оқушылардың тек оқу дағдыларын ғана емес, сонымен қатар олардың мектеп өміріне психологиялық дайындығын да қалыптастырады. Сабақтар көбіне ойын түрінде өткізіліп, дидактикалық, түзетушілік және терапевтік міндеттерді шешеді, сонымен бірге қиял, ойлау және сөйлеу қабілеттерін дамытады.

2025–2026 оқу жылы ішінде бастауыш, орта және жоғары сыныптарда 49 дамыту сабағы өткізілді (сынып сағаттары, тренингтер және сабақ түрінде).

Қолданылған түзету жаттығулары: «Сандар әлемі», «Не өзгерді?», «Сөздерді қалпына келтір», логика мен ойлауды дамыту ойындары, «Ми жартышарларын дамыту» нейрожаттығуы, «Ақылды балалар ойыны», «Эмоция кубиктері», «Айырмашылықты тап» және т.б.

1-сыныптарда «Мен – бірінші сынып оқушысымын» тақырыбында түзету сабақтары өткізілді. 5–8 сыныптарда «Мен бұл әлемде жалғыз емеспін», «Орта буынға жаңадан келген оқушы», «Достықты қадірлей білейік» тренингтері ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/p/DPg2tDpCKNp/?igsh=MXZvdHhcTF6cmxobw==>

В 9 және 11-сыныптарда «Менің даралығым немесе мен басқалардан немен ерекшеленемін?» тренингі, «Өзімді білемін бе?» әңгімесі, «Қақтығыссыз әлем» тренингі өткізілді. Сонымен қатар «Қатыгездік пен зорлық. Оған қалай қарсы тұруға болады?» атты сынып сағаты, «Толеранттылық дегеніміз не?» тақырыбында әңгіме ұйымдастырылды. Сабақтар жеке және топтық формада жүргізіледі.

«Достық», «Біз әртүрліміз, бірақ бір отбасымыз», «Біздің сезімдеріміз», «Сабырлылық күші», «Сенің айналадағы әлем». «Бір-бірімізге қарай қадам» сияқты дамытушы сабақтар өткізілді.

ҮБТ және ББЖМ-ға (ГИА) дайындық алдында 9–11 сынып оқушыларымен мазасыздықты азайту, көңіл-күйлі көтеру және стресс жағдайында өзін-өзі басқаруға үйрету мақсатында «Мен өзімді басқаруды үйренемін» атты тренингтер мен әңгімелер жүргізілді.

4. Профилактикалық және ағартушылық жұмыс

Мектептегі қақтығыстардың алдын алу, стрессті және агрессияны азайту мақсатында профилактикалық жұмыс жүйелі түрде жүргізіледі. Бұл бағытта оқушылардың сабаққа қатысуын бақылау, тренингтер мен әңгімелер ұйымдастыру жүзеге асырылады.

Өткізілген тақырыптар: «Біз бәріміз әртүрліміз», «Қақтығыссыз әлем», «Қатыгездікке қарсы бірге», «Қауіпті ойындар», «Менің өмірімдегі қарым-қатынас», «Гармония жолында», «Балалық шақтағы салауатты өмір салты – болашақ табыстың негізі».

«Зорлық-зомбылыққа қарсы» атты буклеттер дайындалды.

Педагог-психологтың маңызды міндеттерінің бірі – оқушыларға мамандық таңдауға көмектесу. Осы бағытта сынып жетекшілеріне «Мамандықты қалай таңдау керек?», «Уақыт бізді таңдайды» тақырыптарында сынып сағаттарын дайындауға және өткізуге көмек көрсетілді.

9–11 сынып оқушыларымен «Мамандықтар атласы» тренингі өткізілді.

https://www.instagram.com/p/DUIK_wKDWry/?igsh=MXN0am1uYXBoMGh3dg==

ЕБҚО балалармен жүргізілген іс-шаралар жоспары бойынша

7–8 сыныптарда «Толеранттылық дегеніміз не?» тақырыбында тренинг элементтерімен әңгіме өткізілді.

11 және 8 сыныптарда «Рухы мықты жандар» тақырыбында тренинг элементтерімен әңгіме ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/p/DPI50ImiEsI/?igsh=YmxmZWdiY3RpMXlu>

<https://www.instagram.com/p/DPogzggCJz9/?igsh=MXg5ejk4aGhjejVxNA==>

Орта буын оқушыларымен арт-терапиялық әдістерді қолдана отырып сабақтар өткізілді.

<https://www.instagram.com/p/DRDENCwjXJS/?igsh=MXIzaGY5eG5wczk4Zg==>

7–8 сынып оқушыларымен «Кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмаушылығы» тақырыбында әңгіме өткізілді.

<https://www.instagram.com/p/DRMN-75DRWM/?igsh=aXVrdm5zcG16bnYI>

«Психология апталығы» жобасы аясында жоспарға сәйкес «Эмоциялар әлемі» тақырыбында іс-шаралар өткізілді.

<https://www.instagram.com/p/DSAShH-CCnU/?igsh=MTZIZ29jYTZ2NHMweg==>

<https://www.instagram.com/p/DSDC8gtiDA4/?igsh=dDA4ZHV0eijlsajA1>

<https://www.instagram.com/p/DSFZkvVjf-s/?igsh=Mm55dGdpY2ZldHd5>

<https://www.instagram.com/p/DSH-eQhjQ1K/?igsh=MWpmb2cxOGJIOG11dA==>

<https://www.instagram.com/p/DSS3-14jfUD/?igsh=MWRsdjIIMjVoNXRvbg==>

<https://www.instagram.com/p/DSK5GqZDVI5/?igsh=MTZzaTY2NXFvdThiZQ==>

<https://www.instagram.com/p/DSS3-14jfUD/?igsh=MWRsdjIIMjVoNXRvbg==>

«ҮБТ-ға дайындық кезеңінде оқушыларды психологиялық қолдау, стресс тұрақтылығын қалыптастыру, өз-өзіне сенімділікті арттыру және тестті сәтті тапсыруға мотивацияны дамыту» жоспарына сәйкес профилактикалық жұмыс жүргізілді.

<https://www.instagram.com/p/DV8NU0SjQfN/?igsh=eDZpeWJpdHlrYnBk>

https://www.instagram.com/p/DV_ZK-QCBTp/?igsh=dnhyZjJ5MzQzdDM1

5. Психологиялық кеңес беру жұмысы

2025–2026 оқу жылында 235 консультация өткізілді. Негізгі контингент жасөспірімдер болғандықтан, кеңестердің басым бөлігі тұлғааралық қарым-қатынас мәселелеріне қатысты болды.

Кеңес беру барысында қарастырылған негізгі бағыттар:

- құрдастарымен қарым-қатынас қиындықтары;
- оқу барысындағы қиындықтар;

- жағымсыз эмоционалдық күй;
 - қақтығыс жағдайлары;
 - баланың даму деңгейі;
 - мектепке дайындық;
 - оқыту мен тәрбиелеуде жеке тәсілді жүзеге асыру;
 - әдістемелік көмек;
 - диагностикалық нәтижелер бойынша кеңес беру.
- Кенес беру үдерісінде келесі міндеттер шешілді:
1. отінішті нақтылау және айқындау;
 2. диагностика нәтижелерін талдау;
 3. оқушыларға, педагогтарға және ата-аналарға қорытынды аттестация мен ҰБТ-ға дайындық бойынша ұсыныстар беру.

6. Педагогтармен жұмыс

Педагогтармен келесі тақырыптар бойынша әдістемелік кеңестер өткізілді:

- «Түлектердің мазасыздығын алдын алу: мұғалімнің рөлі»;
 - «Қысымды азайту және түлектерді ынталандыру жолдары»;
 - «ҰБТ-ға дайындық кезеңінде оқушыларға психологиялық көмек» тренингі.
- Жас педагогтарға «Менің қолымнан келеді» атты тренинг арқылы қолдау көрсетілді.

7. Ата-аналармен жұмыс

Ата-аналар чаттарында ақпараттық посттар жарияланды: «ҰБТ-ны сәтті тапсырудағы ата-ананың рөлі».

Жеке әңгімелер жүргізіліп, ата-аналар жиналыстарын өткізу барысында психологиялық-педагогикалық көмек көрсетілді.

Жалпы мектептік ата-аналар жиналысына «Оқушылар үшін тайм-менеджмент» тақырыбында қатысу ұйымдастырылды.

Сонымен қатар келесі ата-аналар жиналыстары өткізілді:

- «ҰБТ-ны сәтті тапсырудағы отбасының рөлі. Қалай зиян келтірмеу керек?»;
- «Емтихан кезеңінде баланы қалай қолдау керек?».

Жеке әңгімелер, консультациялар және жадынамалар таратылды:

- «Емтихан алдында оқушыны қалай қолдау керек»;
- «Стресс кезінде не айту керек және неден аулақ болу керек».

Сондай-ақ жеке және топтық кеңес беру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілді.

https://www.instagram.com/p/DV_cJAgiAnx/?igsh=MTA1bjB1YnFxa3pybQ==

Оқушыларға, педагогтарға және ата-аналарға арналған кеңес беру тікелей эфир форматында өткізілді.

<https://www.instagram.com/reel/DXHEvKejcfn/?igsh=NHV2d3hmeDM5endI>

<https://instagram.com/p/DXHEvKejcfn/>

Қорытынды: Жалпы алғанда, жүргізілген кеңес беру жұмыстары консультативтік қызмет аясындағы қажетті міндеттерді тиімді шешуге мүмкіндік берді.

Жылы	«Үздік психолог» байқауы	«Үздік психолог кабинеті» байқауы	Жариялауында р	Сөйлеулер (аудан, облыс, республика)	Авторлық жобалар	Семинарлар, конференциялар, вебинарлар, байқауларға қатысу	Ескертпе
2025						«Первомай ауылының ЖОББМ» КММ-де базасында аудандық семинарға қатысу	Сертификат
2026		III орын – «Үздік психолог кабинеті» байқауы.					Диплом

2026						Лозовое ауылының НОМ базасында аудандық семинарға қатысу	Сертификат
------	--	--	--	--	--	--	------------

Педагог-психолог:



Полковская Н.Э.